

ҚРҰБ Төрағасы Е.А. Досаевтың ҚР Парламенті
Мәжілісінің пленалық отырысында
«2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет
туралы» мәселесі бойынша баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 20 қазан

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы!

Құрметті депутаттар!

2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру мақсатында дайындалған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы әлемдік және ұлттық экономикаларды **белсенді қалпына келтіру** серпініне сүйенеді.

Биылғы жылғы **9 айдың** қорытындысы бойынша Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің өсуі **3,4%** болды, мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін **68 АҚШ доллары** деңгейінде қалыптасты. Бұл серпін Қазақстан экономикасын дамытудың **оптимистік сценарийіне** сәйкес келеді. Мұнайдың орташа жылдық бағасы бір баррель үшін **70 АҚШ доллары** болған кезде Ұлттық Банк ішкі жалпы өнімінің **2021** жылы **3,7-4,0%** деңгейінде өсуін күтеді.

Әлемдік және ұлттық экономикалардың осындай **тез қалпына келуі** жалғасып жатқан **фискалдық** ынталандыру бағдарламалары мен **жеңіл** ақша-кредит талаптарының нәтижесінде мүмкін болды.

Сонымен бірге, бұл факторлар **тұтынушылық** сұраныстың қалпына келуіне және әлемдегі **инфляциялық қысымның** айтарлықтай өсуіне әкелді. Осы жылдың басынан бастап **бағаның өсуі тарихи ең жоғары көрсеткіштерді**

жаңартып отыр. **Әлемнің ірі экономикаларында** инфляция 13 жылдық **ең жоғары көрсеткіштерге** жетті: ол **АҚШ-та 5,4%-ке** дейін, **Еуроодақта – 3,4%-ке** дейін өсті.

Инфляция біздің негізгі сауда әріптесіміз **Ресейде 5 жылдағы** ең жоғары деңгей – **7,4%-ке** дейін жылдамдады. Қазақстанға тауарлар **импортындағы Ресей** үлесінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша **35,4%-тен** биылғы жылғы 6 айдағы **40,8%-ке** дейін ұлғайғанын ескере отырып, Қазақстанда бағаларға **сыртқы қысым өсті**.

Сонымен қатар әлемде **шикізат және көлікпен тасымалдау** бағасы өсуінің **жалғасуы** әлемдегі инфляциялық қысымды сақтап отырғанын атап өту қажет. Биылғы жылғы қыркүйекте **ФАО азық-түлік бағаларының** индексі жылдық көрсетуде **32,8%-ке** өсті, **металдар 1,5 есеге** жуық (тамызда ж/ж **42,6%-ке**) қымбаттады. Контейнерлердің жетіспеуіне байланысты **құрғақ жүк тасымалдау** құны (Baltic Dry Index) 2020 жылғы мамырдан бастап **10 есе** (*2019 жылдан бастап 5,4 есе*) өсті. Нәтижесінде **өндірушілер** өнімінің өзіндік құнының өсуі **тұтыну** бағаларына ауысады.

Аталған **сыртқы** факторлар бағаның өсуі үшін **қолайсыз** ортаны қалыптастырады және **ішкі** факторлармен бірге **Қазақстанда инфляцияның** қазіргі **өсуіне тең дәрежеде** алып келді.

Биылғы жылғы **екінші жартыжылдықтан** бастап Қазақстанда инфляция **тұтынушылық** белсенділіктің тез қалпына келуі, экономиканы **фискалдық ынталандырудың**

жалғасуы және жекелеген тауар нарықтарындағы **теңгерімсіздіктер** нәтижесінде өсті.

Азық-түлік бағасының өсуі **негізгі инфляцияға қарсы** фактор болды, ол жалпы инфляцияға **жартысынан көп** (қыркүйекте – **8,9%-тен 4,5 пайыздық тармаққа**) үлес қосады. **Азық-түлік инфляциясы** биылғы жылғы қыркүйекте уақытша және орнықты факторлардың әсерінен **11,5%-ке** дейін жылдамдады.

Биылғы жылғы шілде-тамызда жаз айларына **тән емес** және ұзақ сақталатын **көкөністер** (*картоп, сәбіз, қызылша*) бағасының **соңғы жылдардағы рекордтық** өсуі тіркелді.

Ет (10,3% ж/ж), өсімдік майы (63,1% ж/ж) және қант (32,1% ж/ж) бағасының өсуі инфляцияны жылдамдатудың **тұрақты** факторы болып қалуда, бұл өсу деңгейін әлемдік үрдістермен салыстыруға болады. ФАО деректеріне сәйкес бір жылда еттің әлемдік бағасы орта есеппен **26,3%-ке**, өсімдік майының бағасы – **61,2%-ке**, қанттың бағасы – **53,5%-ке** өсті.

Бірінші кезекте тұтынушылық белсенділіктің **қалпына келуі** аясында **жанар-жағар май** (ж/ж **13,5%-ке**) және **ұзақ пайдаланылатын тауарлар** (*киім-кешек - 6,3%, аяқ киім - 6,7%, жиһаз - 7,5%, тұрмыстық заттар - 8,3%, автомобильдер - 10,6%*) бағасының өсуі нәтижесінде Қазақстанда **азық-түлікке жатпайтын инфляция 7,5%-ке** дейін жылдамдады.

Ақылы қызметтер инфляциясы негізінен **электр энергиясы (8,3%), тұрғын үйді жалдау (18,6%) және көлік қызметтері** (әуе көлігі – **8,7%**, жүк тасымалдау – **15,5%**) бағасының өсуі есебінен **6,8%-ке** дейін жылдамдады.

Инфляцияны **тұрақтандыру** мақсатында Мемлекет басшысы осы жылғы қыркүйектегі өзінің Жолдауында Үкіметке Ұлттық Банкпен бірлесіп **монетарлық емес** факторларға **ерекше назар аударуды** тапсырды. Оның тапсырмасын орындау үшін Үкімет шешімімен **Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені** бекітілді, оны іске асыру осы жылғы қыркүйекте басталды.

Сіздердің назарларыңызды **өңірлердегі жағдайға** аударғым келеді. Жылдық инфляция қыркүйекте **17 өңірдің 13 өңірінде жылдамдады**, ол **6 облыста 9%-тен асады**. Ұлттық Банктің пікірінше **өңірлік нарықтарда** бағаларды **тұрақтандыру** және тауарлар **тапшылығына жол бермеу** биылғы жылғы инфляцияны «тежеудің» негізгі факторлары болып табылады.

Ұлттық Банк экономикадағы **сұраныстың өсуіне** жауап ретінде **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жүргізу шеңберінде шілдеде және қыркүйекте **базалық ставканы 9,0%-тен 9,5%-ке** дейін екі рет көтерді. Сұраныс тарапынан инфляцияға қарсы қысым биылғы жылғы 8 айда **тұтыну тауарлары** импортының **24%-ке** өсуімен расталады.

Осы жағдайларда Ұлттық Банк **баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге** бағытталған саясатты жалғастырады.

Үкіметтің және әкімдіктердің Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін **тиімді** іске асыруы биылғы жылы инфляцияны **тежеуге** және Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылы **4-6%** нысаналы дәлізіне кіруге мүмкіндік береді деп санаймын.

2022-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес инфляцияның **бұдан кейін төмендеуі** және **2023-2024** жылдары **4-5%** және **2025-2026** жылдары **3-4%** деңгейінде **тұрақтануы** болады.

Бұл үшін Үкіметтің қазіргі **жедел** шараларымен қатар экономиканы одан әрі **әртараптандыру** және оның **импортқа тәуелділігін** төмендету бойынша жүйелі жұмысын жандандыру маңызды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **2022** жылдан бастап енгізілетін **контрциклдық бюджет қағидасы** мемлекеттік шығыстардың **өсу қарқынын шектеуге** мүмкіндік береді, сол арқылы мемлекеттік қаржының **тұрақтылығын** қамтамасыз етеді және **инфляциялық қысымды төмендетеді**.

Үкімет жоспарлап отырған **шикізатқа жатпайтын экспортты** арттыру шаралары болжамды кезеңдегі Қазақстанның **төлем балансының** жай-күйін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес алдағы 5 жылдық кезеңде төлем балансының ағымдағы шоты **дефицитінің қысқаруы** және **профицит аймағына** өтуі күтіледі. Мұнайдың бір баррель үшін **60 АҚШ доллары** сценарийлік бағасы кезінде төлем балансының **ағымдағы шотының сальдосы 2022** жылы ішкі жалпы өнімге қатысты **(-)1,2% дефициттен 2023** жылы ішкі жалпы өнімге қатысты **(+)0,6% профицитке** ауысады және **2026** жылы ішкі жалпы өнімге қатысты **(+)1,9%** деңгейінде **орнықты** болады.

Құрметті депутаттар!

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп, жаһандық пандемияның **теріс салдарын еңсеру**, инфляциялық қысымды төмендету және **макроэкономикалық тұрақтылықты** қамтамасыз ету үшін белсенді жұмысын жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!